

**Қостанай қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 155 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қыркүйекте № 29878 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Қостанай қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай қалалық мәслихатының хатшысы*

*Б. Сандыбеков*

Мәслихаттың

2022 жылғы 26 қыркүйектегі

№ 155 шешіміне

қосымша

**Қостанай қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	айына 1 тұрғыннан	404,25
Жайлы емес үйлер	айына 1 тұрғыннан	482,16
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 м3	2526,59